№45
(7782)

12 қараша,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

## АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ БАҒУҒА ҚОЛДАУ КӨП

**ЖУЫРДА АУДАН ӘКІМДІГІ ҒИМАРАТЫНДА АУДАННЫҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫМЕН АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАЛЫҒЫН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА СЕМИНАРЛЫҚ КЕҢЕС ӨТТІ.**

Жиын кезінде аудан әкімі Асқар Қазыбаев асыл тұқымды малмен айналысатын қожалықтарға мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалатынын жеткізе отырып, аудандағы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту керектігін баса айтты. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясы асыл тұқымды мал шаруашылығы бөлімінің басшысы Мұрат Жаналин сөз сөйлеп, аудандағы асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы баяндама оқыды. Семинар барысында Жаналин Атағұлұлы біздің аудандағы асыл тұқымды қой шаруашылығы жақсы дамығанын, облыс бойынша Ойыл ауданы ең жоғарғы көрсеткіште екенін ерекше атап өтті. Сонымен қоса ауданда асыл тұқымды ірі қара малының қарқынды дамып және «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша малды асылдардыру мақсатындағы іс-шараға оң баға берді. Келесі кезекте, «Ақтөбе тәжірибе станциясы қой шаруашылығы бөлімінің басшысы, Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Республикалық қой шаруашылығы палатасының өкілі» Қуанышқали Есенғалиев айтулы сала бойынша «Идеят» ШҚ , «Нұр-Асыл» ШҚ «Жаңа-Қадам 2016» АӨК секілді қожалық басшыларының қойған сауалдарына тұщымды жауап берді. Сонымен қатар аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы шаруа қожалық басшыларының ұсыныстары ескеріліп алдағы уақытта аудан көлемінде шешілетінін және барлық ұсыныстар бойынша сала мамандарына бірқатар тапсырмалар берді.

**Қайсар ҚАЗИЕВ,**
**Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының асыл тұқымды мал шаруашылығы бөлімінің бас маманы.**



## «ҰСТАЗДАН САБАҚ АЛСАҢЫЗ, АЛУАН ШЕКЕР БАЛМЕН ТЕҢ!»

**ҚАЗАҚТА «ҰСТАЗСЫЗ ШӘКІРТ ТҰЛ» ДЕГЕН ҰҒЫМ БАР. ТІПТІ КЕЙБІР ДАНАЛАРЫМЫЗ «ҰСТАЗДАН САБАҚ АЛСАҢЫЗ, АЛУАН ШЕКЕР БАЛМЕН ТЕҢ!» ДЕП БЕКЕРГЕ АЙТПАҒАН. СОНДЫҚТАН «ҰСТАЗ» СӨЗІНІҢ ОРНЫ АЙРЫҚША. ЕШҚАШАН ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ. ОСЫНДАЙ ӨЗІ ӨМІРДЕН ӨТСЕ ДЕ, ҰМЫТУҒА БОЛМАЙТЫН БІЛІКТІ ҰСТАЗДАРДЫҢ БІРІ ҒАБИТ СҰЛТАНОВ. ӨМІРІНІҢ 33 ЖЫЛЫН ҚАРАОЙ МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫНДА ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАҒАН.**



Ауылдастарына ғана емес, ауданға аты таныс, ұстаздық еңбегімен шәкірттерінің санасында сақталған шыншыл мінезді, өнегелі ұстаз Ғабит Орынбасарұлын еске алу мақсатында осыдан тура бір жыл бұрын аудан көлемінде өткен олимиада биыл да жалғасын тапты. Ауданның білім деңгейінің артуына математика пәні бойынша өзіндік сара жолын қалдырған математиктің еске алу шарасына орай ұйымдастырылған 7-8 сынып оқушылары аралығындағы олимпиада биыл аймақтық көлемде кеңейтіліп өткізілді.

Қараой мектеп-балабақшасының ұйытқы болуымен өткізілген айтулы олимпиадаға 12 мектептен 25 оқушы қатынасты. Олимпиадаға қатысушы оқушылар екі кезең бойынша сынға түсті. Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданынан да арнайы келіп, бағын сынаған оқушылар олимпиаданың жүлделі орындарын иеленді. Нақтырақ айтсақ, 7 сынып бойынша бірінші орын Қаратөбе мектеп-гимназиясының 7 сынып оқушысы жеңіске жетсе, 8 сынып бойынша Қараой мектеп-балабақшасының 8 сынып оқушысы Еркебұлан Амангелді жеңімпаз атанды. Аймақтық олимпиадаға қатынасқан барлық оқушылар ІІ-ші, ІІІ-ші орындармен қатар алғыс хаттармен марапатталды. Айтулы шараға Ғабит Орынбасарұлының көз көрген, қызметтес болған ұстаздар қауымы, аудандық білім спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Серік Меруенов, ауыл әкімі Сәкен Ғазизұлы мен шәкірттері және ағайын-туыстары қатысты. Айта кетсек, Ғабит Орынбасарұлын еске алу шарасы аясында оқушылардың жетекшілері мен жиылған көпшілікке арналған «Сөнбес сәуле» атты дөңгелек үстел өткізілді. Онда Ғабит Сұлтанов туралы естеліктер айтылып, математиктің шәкірт тәрбиелеуге сіңірген өнегелі өмір жолы топтастырылған бейнебаян көрсетілді. Түстен кейін «Бәрі келді!» бағдарламасы ұйымдастырылып, жан-жақтан жиналған білікті ұстаздар екі командаға бөлініп, білімдерін сынға салды. Әр күнін оқушыларға арнайтын ұстаздарға сергіту тренингтермен қатар қызықты сұрақтар қойылып, бос уақыттарын тиімді өткізді.



**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл-Қараой-Ойыл.**

## «BARBER SHOP» ЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШАШТАРАЗ

**ЕЛ ІШІНДЕГІ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЕДӘУІР АЗАЙТЫП, АЙҚЫН МАҚСАТЫ МЕН ӨЗІНДІК ҰСТАНЫМЫ БАР ЖАС БУЫНҒА ҚОЛДАУ КӨРЕТКЕН « АТАМЕКЕН» ЖОБАСЫ ТАЛАЙ АДАМНЫҢ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСУЫНА СЕП БОЛДЫ. АУҚЫМДЫ ЖОБАНЫ ҚОЛҒА АЛҒАНДАРДЫҢ АРАСЫНДА АУДАНЫМЫЗДЫҢ ТҰРҒЫНЫ КҮНШАШҚАН БЕЙБІТҰЛЫ ДА БАР. БҮГІНДЕ ОЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНЫП, БӨЛІНГЕН ГРАНТҚА ӨЗІНІҢ КӘСІБІН БАСТАП ОТЫР.**



Өткен аптада жас кәсіпкер Күншашқан Бейбітұлы өзінің шағын жеке бизнесін бастаған болатын. Ол ауданымыздың игілігі үшін, аудан жастарына арнап «Barber Shop» ерлерге арналған шаштаразын ашты. Нысанның ашылуына аудан әкімі Асқар Қазыбаев арнайы қатысып, ауыл тұрғындарын жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады. Жас болса да, осы істі жоспарлап, алдына мақсат қойып, сол мақсатына жетіп отыр. Шаштараздың иесі Күншашқан Бейбітұлы өткен жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының шеңберінде «Жас кәсіпкер» бағыты аясында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының «Бастау-Бизнес» жобысы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқып, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған 200 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік грантын ұтып алды. Бұл 505 мың теңге. Енді міне ол грантқа өз кәсібін ашып, ауыл тұрғындарына қызмет көрсетпек.

*Шаштараз ертеден келе жатса да бүгінгі күні, әсіресе ауылда, ауданда сұранысқа ие мамандық. Сондықтан алдағы уақытта осы кәсібімді дамыта отырып, халыққа пайдамды тигізсем, оның өзі үлкен бақыт, абырой деп ойлаймын. Сапалы қызмет — кәсібіңнің берекесі. Осы жолда мен білімімді жетілдіріп, ізденуден жалыққан емеспін. Осындай тірлігімнің нәтижесі болу керек, қызметімді пайдаланушылар дән риза. Алдағы уақытта халыққа қажет басқа да қызмет түрлерімен айналысатын мамандарға арнайы орынды жабдықтау жоспарда бар,* - дейді Күншашқан.

Жаңа орынның ашылуына жиылған қонақтар мен ауыл халқы жақсы лебіздер мен ақ тілектерін арнады. Кәсіпкер Күншашқан Бейбітұлының еңбегіне жеміс тілеп, бұл игі істің ауыл тұрғындарына тигізер ықпалының мол болатынына сенімін білдірді. Қазіргі таңда шаштаразда Күншашқан Бейбітұлы өзі қызмет атқаруда, алдағы уақытта қарамағына жұмысқа адам алуды көздеп отыр. Бүгінде арамызда жұмыссыздықты желеу етіп екі қолын бос қусырып жүрген жастарымыз бар. Оларға айтарым, еңбектенуден қорықпаңыздар. Кез келген адамның бір нәрсеге иекемі болады. Сол мүмкіндікті пайдалана білсең болғаны. Табысқа жеткен, кәсібін дөңгелеткен адамдар табысқа бір күнде жеткен жоқ.

**Әсел СИСЕНОВА,**
**Ойыл селосы.**

## «ЖАНАШЫР ЖАСТАР АУЫЛМЕН БІРГЕ!»

Өткен аптада Шұғыла мәдениет және демалыс орталығында «Жанашыр жастар ауылмен бірге!» атты Ойыл ауылдық округінің әкімі Сәндібек Тоқсанбайұлымен жастардың бейресми кездесуі өткізілді. Шараға Ойылдың ең белсенді, ең табысты, жүрегі елім деп соғатын, Отан сүйгіш жастарымыз қатынасты.

«Болашақ – жастардікі» дейміз. Болашақты жарқын да кемел қылу үшін, жастар білімді, денсаулықтары мықты болуы шарт. Сонымен қатар олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ер жетуі тиіс. Кездесуге қатысқан әрбір жас Ойыл ауылдық округінің әкімі Сәндібек Тоқсанбайұлына көкейдегі сұрақтарын, мардымды ойларын, өз ұсыныс-пікірлерін ашық айтып, өзекті мәселелерін көтерді, ауылы үшін алаңдайтынын жеткізді.

Жастар елдің ертеңі, болашақтың іргетасы, бүгінгі күннің айнасы. Әркімге «Туған жері - Мысыр Шаһары» демекші, «Осы ауылдың суы мен көлі, тауы мен тасы бізге қымбат, анамыздың сүтіндей ардақты, әкеміздің сөзіндей бағалы» - дейді жастар.

**Нұрсұлтан ЖУМИН,**
**Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.**

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«11» қараша 2019 жыл № 43 Ойыл селосы

**Аудандық мәслихаттың кезектен тыс қырық екінші сессиясын шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 18 бабы 4 тармағы, 1) тармақшасына және аудан әкімінің 2019 жылғы 8 қарашадағы №01-01-01/2020 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс отыз тоғызыншы сессиясы 2019 жылдың 13 қарашасы күні сағат 11.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №248 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

*Хабарламашы: Дәулетқалиев С.Т.- Ойыл ауылдық округі әкімі*

2. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №250 «2019-2021 жылдарға арналған Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

*Хабарламашы: Избасов Ә.Ж.- Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімі*

3. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №251 «2019-2021 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

*Хабарламашы: Мұбараков А.Қ.- Саралжын ауылдық округінің әкімі*

4. Басқа да мәселелер

**Аудандық мәслихаттың**
**сессия төрағасы: А.К.Мамбетова**

## АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН КЕЗ КЕЛГЕН АЙМАҚТА ТІРКЕУГЕ БОЛАДЫ



Енді қазақстандықтар азаматтық хал актілерінің барлығын тұрғылықты тіркеу орнына қарамастан, кез келген жерден ала алады. Бұл туралы заңға енгізілген түзетулер Парламент Сенатында қабылданған заң жобасында қарастырылды.

Жаңашылдық баланың тууына, некені тіркеу мен ажырасуға, аты-жөні мен тегін өзгертуге, қайтыс болу құжаттарын тіркеу сияқты қызметтерді қамтиды. Еске салайық, бұрын азаматтар аталған мемлекеттік қызметтерді алу үшін тұрғылықты тіркеу орны немесе тіркеу жазбасының орналасқан жері бойынша мемлекеттік корпорацияның фронт-офистеріне немесе АХАТ бөліміне хабарласатын. Енді азаматтық хал актілеріне қатысты 5 түрлі қызметті кез-келген ХҚКО-дан немесе АХАТ-тан алуға болады. Бұл керекті құжаттарды аз уақыт ішінде алуға және сыбайлас жемқорлық деректерін болдырмауға мүмкіндік береді.

«Бұрын құжаттарды рәсімдеп алу үшін өтініш беруші тіркеу орны бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе тіркеуші органға хабарласып, 5-тен 30 күнге дейін жауап күтетін, бұл қызмет алушылар үшін қолайсыздық пен қосымша қағазбастылықты тудыратын. Мәселен, егер азамат бір аймақта тегін өзгерту туралы өтініш білдірсе, мемлекеттік орган өзге аймақтан – оның туған жерінен қосымша мәліметтерді сұрататын. Тиісінше, қызмет көрсету уақыты ұзаратын», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташева.

Жалпы, заңға ұсынылған түзетулердің 70% мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыруға мүмкіндік береді. Электрондық форматқа көшу құжаттарды қабылдау уақыты мен олардың санын қысқартады, әкімшілік кедергілерді жояды және қызметтерді алу процесін жеңілдетеді.

**Айбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,**
**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиа-лының Халыққа қызмет көрсету бойынша Ойыл аудандық бөлімінің басшысы.**

**Газетке жазылу - 2020**

Аудандық "Ойыл" газетіне "Қазпочта АҚ" арқылы 2020 жылдың І жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

| Индекс | Жазылушылар санаты | 6 ай |
|---|---|---|
| 65525 | Жеке тұлғаларға | 2834,86 |
| 66525 | Заңды тұлғаларға | 4514,86 |
| 67525 | Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге) | 2354,86 |

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

# БҮГІНГІ МІНДЕТ – ЖЕМҚОРЛЫҚТАН АДА ҚОҒАМДЫ ҚҰРУ

**Ғалымбек ДОСАНОВ,**
**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары.**



2019 жылдың 2 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарық көрді.

Тарихи құжат өз мазмұнымен азаматтар өмірінің барлық салаларын қамти отырып, қоғамның ең өзекті деген мәселелерін қозғады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-қимыл негізгі мәселе ретінде күн тәртібінен түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық туралы айтылған кезде, қандай да бір моральдық-рухани қағидалардан аттап, өз өкілеттіліктері мен лауазымдық мүмкіндіктерін теріс пайдаланатын шенеуніктер еріксіз ойға келеді. Бүгінгі күнгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасауға нормативтік құқықтық актілерде кездесетін қайшылықтар мен бүркемеленген айла-тәсілдер негіз болуы мүмкін.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысы бірінші кезекте сарапшылар мен жұртшылықтың қатыстыра отырып, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама институтын жандандыру қажеттілігіне назар аударады. Аталған механизм азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын маңызды құжаттарды қабылдау алдында, ондағы сыбайлас жемқорлыққа бейім нормаларды анықтауға бағытталған.

Жолдау мазмұнында сонымен қатар сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыс жасалған ведомство басшысының дербес жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыда регламенттеудің маңыздылығы атап өтілді. Заман талабына сай мемлекеттік орган басшыларының жауапкершілігі күннен күнге артуда.

Ашықтық пен қоғаммен тиімді кері байланыс құру мәселелсі де назардан тыс қалмай, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару - мемлекеттік органдар қызметіндегі негізгі басымдық ретінде айқындалды. Өйткені, орталық және жергілікті орган басшыларының құлықсыздығы мен «бейқамдығы» - азаматтар өміріндегі көптеген қолайсыздықтарды туғызуда.

Үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру қажеттілігі жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасы - белсенді азаматтық қоғам қалыптастыратынын ерекше атап өту қажет. Өз кезегінде, белсенді азаматтық қоғам - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағыалар асуларымыздың акепілі болып табылады.

Мемлекет басшысы сайлау алды бағдарламасында қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі мақсатын іс жүзінде жүзеге асыруға ниеттенгенін дәл осы Жолдаудың білдіреді.

2019 жылдың 13 маусымдағы Президент Жарлығына сай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі болып қайта құрылған болатын. Жарлыққа сәйкес аталған Агенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ерекше кешенді құзыреттер бөлінген, жемқорлықпен күресті күшейтуге және оның алдын алу тиімділігін арттыруға бағытталған тәуелсіз құқық қорғау органы болып табылады.

Заман талабына сай құрылған жаңа Агенттіктің миссиясы - «Қазақстан халқының игілігі үшін сыбайлас жемқорлықты жою» деп тұжырымдалып, әділет, сенім және парасат сынды адам бойындағы ұлы қасиеттер құқық қорғау органының ең басты құндылықтары болып бекітілді.

Әлемнің көшін бастап тұрған мемлекеттердің озық тәжірибелері көрсеткендей, алдын алу, ағарту және қылмыстық-құқықтық шаралардың сындарлы үйлесімі ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы батыл нәтижелерге алып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің жаңа құрылымы біздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет саясатындағы алдын алу шараларының басымдылығын көрсетеді.

Осыған байланысты, аталған бағытты күшейту мақсатында бүгінгі күннің сын-қатерлері мен қоғам талаптарын ескере келе үш жаңа департамент құрылды. Олар – превенция, парасаттылық және серіктестік департаменттері.

Сонымен қатар, жедел-тергеу бөлімшелерінің қызмет аясы кеңейіп, бүгінгі күні квазимемлекеттік секторда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтап-тергейтін жаңа департаменттер пайда болды.

Бұндай қадам мемлекет қатысатын орасан зор қаражатты игеруші ұлттық компаниялар, холдингтер мен кәсіпорындар қызметіндегі сыбайлас жемқорлықты жоюдың стратегиялық маңыздылығына негізделген.

Ал құқық қорғау және сот органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың бүгінгі ауқымы қоғамның сеніміне орасан зор нұқсан келтіреді. Осы ретте сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетудегі елеулі нәтижелерге қол жеткізген мемлекеттердің бұл бағыттағы жұмысты құқық қорғау органдарынан бастағанын ерекше атап өткен жөн.

2018 жылдың 5 қазанында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардыңәл-ауқатыныңөсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аласындағы жаңалықтарға толы болды. Дәл осы Жолдау Елорданың тәжірибесі негізінде «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобасының республикамыздың барлық өңіріне таратылуына негіз болды.

Бүгінгі күннің өзінде өңірімізде жүзеге асырылып отырған «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі парасаттылық қағидатының терең тамыр жаюына арқау болып, мемлекеттік құрылымдар мен қоғам арасын байланыстыратын алтын көпірге айналды.

Бұл жоба Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ортақ іс әрекет болып табылады. Ең басты мақсаты - тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, әлеуметтік-маңызды салалардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде азаматтарға арналған қолайлы жағдай жасау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қоғамдық бақылауды күшейту және парасаттылық қағидатының қоғам да ауқымды түрде дәріптеу болып табылады.

Жобалық кеңсенің жұмысы аясында қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмысы мен мемлекеттік органдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігін күшейту бойынша жұмыстар атқарылды. Бүгінгі күні аталған құжаттарға 259 мемлекеттік орган басшылары мен қалалық 80 мектептің директорлары қол қойды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі қағидаты ашықтық пен жариялылық қағидаттарына сай мемлекеттік органдармен жұмыс одан әрі жалғасуда. Бүгінгі күні open-space форматындағы ашық кабинеттер Ақтөбе қаласы мен барлық аудан әкімдіктерінде жасақталып, жұмыс жасауда.

Ашық кабинеттерде әкімдер мен барлық деңгейдегі басшылар комиссия отырыстарын, азаматтарды қабылдау, әлеуметтік желілерде тікелей эфир арқылы азаматтармен тілдесу өткізеді, тұрғындардың өтініштерін қарайды, бұл ретте олар тиісінше қоғамдық бақылауда болады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі белсенді жұмысының маңыздылығын атап өтті. Бүгінгі күні көпшілікке танымал Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде мемлекеттік орган басшыларының қатысуымен тұрақты түрде онлайн-трансляциялар өткізіліп тұрады. Барлығы өте ыңғайлы. Трансляция барысында тұрғындар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, басшылар оларға нақты уақыт режимінде жауап береді.

Сонымен қатар, Президентіміз барлығымызға ортақ – азаматтардың сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру міндетін алға қойып, тек қана билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болатынын атап өткен болатын.

Осыған байланысты, «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесімен «Халық заңгері» форматындағы азаматтарды қабылдау тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Осындай науқан барысында облыс тұрғындары өмірдің әр түрлі саласын қамтитын сұрақтар бойынша мемлекеттік қызметшілерден толыққанды жауаптарды бір жерден ала-ды. Бүгінгі күннің өзінде дәл осындай **6** науқан өткізілді.

Сонымен қатар, жуырда «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі алаңында облыс басшылығының қатысуымен азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру тәжірибеге енгізілді.

Бизнес пен инвесторлардың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін арттыру, сондай - ақ олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында жобалық кеңсенің «Protecting Business and Investments» бағыты жұмыс жасауда. Осылайша, бір жыл ішінде 28 инвестор бизнесті парасаттылық қағидасына сай жүргізуге және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем төзбеушілікке» келісім беріп, инвестициялық жобаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу туралы келісімге қол қойды.

Өз кезегінде Департамент бизнес пен инвесторлардың мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғалуына нақты кепілдік берді.Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеудегі инвестициялардың жалпы сомасы 4 трлн. теңгеден астам соманы құрап, күн тәртібіндегі 55 сұрақ өзінің оң шешімін тапты.

Мәселен, ағымдағы жылдың 20 қыркүйегінде ТОО «Green Capital Kazakhstan» Голландиялық инвесторы жылыжай кешеніне арналған жабдықтарды әкелгені үшін Мемлекеттік кірістер органдарымен дұрыс есептелмеген 353 млн. теңге көлеміндегі кедендік баждан босатылды.

Орын алған мәселе өзінің оң шешімін таппаған ретте компанияға жүктелген баж сомасы оны банкроттыққа ұшыратып, Ақтөбе өңірі 240 жұмыс орны мен жыл сайынғы мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер 480 млн. теңгеге қысқарып қалу қаупі болғанын ерекше атап өткен жөн.

Кез келген бизнесті заңсыз қол сұғушылықтан қорғау, олардың дамуына жағдай жасау және орын алған кедергілерді жою Агенттік қызметіндегі басым бағыт болып табылатынын атап өткен жөн, яғни,келісімнің болуына немесе болмауына қарамастан бизнес пен инвесторлар әрқашан да біздің қолдауға сенім арта алады.

Өңірдегі жастарға үлкен көңіл бөлінуде. Бүгінгі студент – келешек маман. Мамандықтың қай түрі болмасын, «парасаттылық қағидаты» барлығына ортақ. «Ақтөбе - адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің студенттік арасында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ»атты бағыты бар. Бүгінгі таңда білім беру мекемелерінде 41 «Саналы ұрпақ» студенттік клубтары ашылып, оған 2 мыңнан астам студент мүше болып табылады. Әр алуан сипаттағы 327 іс-шара өткізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу тек қана мәдениеті парасаттылыққа негізделген қоғам болған жағдайда жүзеге асады. Бұл өз кезегінде ауқымды ағарту жұмыстарын жүргізуді, қоғамның риясыз сенім мен заңның әр бір сөзіне деген құрмет қалыптастыруды талап етеді.

Осыған байланысты, жобалық кеңсе аясында облысымызда 30 астам «Парасаттылық мектептері» жұмыс жасайды. Қоғам белсенділері, мемлекеттік қызметшілер, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы арнайы дәріскерлер тобы іріктеліп, бүгінгі күні тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Облысымыздағы алғашқы парасаттылық мектебінің ашылу салтанатына өңір басшысы Оңдасын Оразалиннің жеке өзі қатысып, Батыс Қазақстан медицина университетінің студенттері яғни, болашақ дәрігерлермен ашық әрі жарқын диалог ұйымдастырылды.

Облыс орталығынан бастап шалғай жатқан ауылдық округтерге дейін халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жоғары оқу орындарындағы магистратураға, докторантураға және техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне түсу емтихандарының объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бақылаушылар ретінде «Ақтөбе - адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің, өңірлік арнайы мониторингтік топтың өкілдері және белсенді тұрғындар тартылды.

Жобалық кеңседе қай уақытта да адамзат өмірі мен экономиканың күре тамыры болған – жолдар сапасының мониторингін жүзеге асыратын «Сапалы жол» жобасы бар. Бүгінгі күні жобалық кеңсе және Арнайы мониторингтік топ өкілдері Жол активтерінің сапасы Ұлттық орталығы қызметкерлерімен бірлесе Алға-Қарабұлақ, Ақтөбе-Хромтау, Ойыл ауданының ішкі жолдарының қазіргі ахуалын анықтауға бағытталған көшпелі мониторинг жұмыстары ұйымдастырылды. Осы бағыт шеңберінде өңір тұрғындарын Агенттікпен презентацияланған арнайы мобильдік қосымша арқылы Ақтөбе облысының жол сапасын бағалауға атсалысуға шақырамыз.

Ағымдағы жылдың 20 мамырында Мемлекет басшысының төрағалығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңес өткізілген болатын. Президент күн тәртібіндегі негізгі бағыттардың бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта өңірлердің рөлін күшейтуді атап өтті. Осы тұрғыда ол Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» жобасын бүгінгі күні тиімді жүзеге асыру маңыздылығын ерекше атап өтті.

Осыған байланысты, бүгінгі күні «Ақтөбе - адалдық алаңы» жобалық кеңсесі өзін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік органдар мен қоғамның күш-жігерін біріктіретін бірегей жоба ретінде көрсетеді.

Барлығымызға мәлім, сыбайлас жемқорлық-мемлекеттің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай деңгейде төмендетеді, қоғамдағы демократиялық өзгерістердің іске асырылуын тежейді, елдің экономикалық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Ең бастысы - бұл адамдардың құқықтық негізге, заңға, әділеттілікке, бостандыққа және билікке деген сеніміне теріс әсерін етеді. Осыған байланысты, азматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға және қоғамдық бақылауға белсенді атсалысуға, «параны бермеуге» және «алмауға», өсіп келе жатқан жастарды парасаттылыққа пен адалдыққа тәрбиелеуге шақырамыз.

Сыбайлас жемқорлық фактілерімен кездескен жағдайда 1424 республикалық кол-орталығына хабарласуларыңызды сұраймыз! Сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз ету - қазіргі заманғы мемлекет азаматтарының жаңа буынын қалыптастыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Жемқорлыққа қарсы бүгінгі белсенді іс-қимыл - келешек ұрпақтың игілігі.

# ЗАДАЧА – СОЗДАНИЕ ОБЩЕСТВА СВОБОДНОЕ ОТ КОРРУПЦИИ

**Галымбек ДОСАНОВ,**
**Первый заместитель руководителя Департамента Агентства РК по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) по Актюбинской области.**

2 сентября 2019 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев обратился к народу Казахстана с Посланием «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».

Исторический документ своим содержанием затрагивает самые актуальные вопросы социума, охватывая все сферы жизнедеятельности наших граждан.

С повестки дня не сходит вопрос системной борьбы с коррупцией.

Когда мы говорим о коррупции, приходят ассоциации с недобропорядочными чиновниками, которые злоупотребляют своими полномочиями, должностными положениями перешагивая каких-либо морально-нравственных принципов. Но как показывает практика, на сегодняшний день в нормативных правовых актах могут иметься коллизии, некие лазейки для осуществления таких преступных деяний.

Поэтому, Глава государства первым делом обращает внимание на необходимость восстановления института антикоррупционной экспертизы проектов нормативных правовых актов с участием экспертов и общественности. Само понятие антикоррупционной экспертизы означает - выявление коррупциогенных норм.

Также отмечается важность законодательного и нормативного регламентирования ответственности первого руководителя ведомства, в котором произошло коррупционное преступление.

В своем Послании Глава государства не раз упоминает об открытости и тесной взаимодействии с общественностью.

Ясно дает понять, что оперативное реагирование на нужды людей являются главными приоритетами в деятельности государственных органов, так как из-за «глухоты» и закрытости чиновников в центре и на местах возникают огромные проблемы в жизни населения.

Нужно отметить, что поручение о необходимости повышения авторитета неправительственных организаций формирует активное гражданское общество. В свою очередь, активное гражданское общество – это залог нашего успеха в противодействии коррупции.

Глава государства в своем Послании ясно дал понять, что намерен на практике реализовать цель по искоренению коррупции в нашем обществе, которую наметил в рамках своей предвыборной платформы.

В целях дальнейшего совершенствования системы государственной службы и противодействия коррупции 13 июня 2019 года Указом Главы государства Национальное бюро по противодействию коррупции преобразовано в Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционную службу). Согласно Указу, Агентство является независимым правоохранительным органом, наделенным исключительными комплексными компетенциями в сфере противодействия коррупции.

Агентство по противодействию коррупции призвано усилить борьбу с коррупцией и повысить эффективность превентивных мер.

Сформирована единая миссия «Искоренение коррупции во имя блага народа Казахстана». Определены такие ценности как справедливость, добропорядочность и доверие наших граждан.

С учетом вышеуказанных ценностей сформирована совершенно новая структура Агентства, при этом за основу взята модель наиболее передовых зарубежных антикоррупционных ведомств.

Только конструктивное и гармоничное сочетание предупреждения, просвещения и мер уголовно-правового характера позволит добиться решительного перелома в сфере противодействия коррупции.

Новая структура Агентства является отражением приоритетности превентивных механизмов в антикоррупционной политике государства. Поэтому для усиления данного направления создано три новых департамента с учетом современных вызовов и потребностей общества. Это – департамент превенции, департамент добропорядочности и департамент партнерства.

Кроме того, расширен диапазон деятельности оперативно-следственных подразделений, они занимаются выявлением и расследованием коррупционных правонарушений в квазигосударственном секторе, а также судебных и правоохранительных органах.

Это решение продиктовано, стратегической важностью искоренения коррупции в деятельности национальных компаний, холдингов и предприятий с государственным участием, осваивающих колоссальные средства.

И конечно же серьезно подрывает доверие общества масштаб коррупции в правоохранительных и судебных органах. Все зарубежные страны, добившиеся ощутимых результатов в снижении уровня коррупции, начинали непосредственно с правоохранительных органов.

Посланием Елбасы Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 5 октября 2018 года, всем регионам было поручено перенять опыт столицы по реализации проекта «Регионы, свободные от коррупции».

На сегодняшний день «Ақтөбе – адал-дық алаңы» является эффективным драйвером продвижения принципов добропорядочности, связующим мостом государственных структур с населением.

Проект реализуется при поддержке и кураторстве акимата Актюбинской области, совместно с антикоррупционной службой. Главная цель - искоренение бытовой коррупции, исключение коррупционных рисков в социально-значимых сферах, создание комфортных условий для граждан при оказании государственных услуг, формирование антикоррупционной культуры, усиление общественного контроля и масштабное продвижение идеологии добропорядочности.

В рамках деятельности проектного офиса проведена работа по укреплению персональной ответственности первых руководителей, как за коррупционные правонарушения своих подчиненных, так и за реализацию антикоррупционных мероприятий среди коллектива. Сегодня документы об ответственности подписали 259 руководителей государственных органов и 80 директоров городских школ.

Проводится работа по повышению прозрачности государственных органов. Прозрачные кабинеты по принципу openspace на сегодняшний день функционируют в акиматах города Актобе и всех районов.

В этих же кабинетах акимы, руководители всех уровней проводят заседания комиссий, приемы граждан, прямые эфиры в социальных сетях, рассматривают обращения жителей, при этом, соответственно они находятся под общественным контролем.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил важность активной работы государственных служащих в социальных сетях. На сегодняшний день проектным офисом на постоянной основе проводятся онлайн-трансляции в популярных социальных сетях Instagram и Facebook с участием руководителей государственных органов.

Все очень удобно. Жители задают волнующие их вопросы, руководители отвечают на них в режиме реального времени.

Также в своем Послании Глава государства озвучил нашу общую задачу - воплощение в жизнь концепцию «Слышащего государства», цель которой является оперативное и эффективное реагирование на все конструктивные запросы граждан. Он также отметил, что путем постоянного диалога власти и общества можно построить гармоничное государство, встроенное в контекст современной геополитики.

В этой связи, проектным офисом на постоянной основе проводятся приемы граждан в формате «Народный юрист», где граждане могут задавать свои вопросы, и получать на них исчерпывающие ответы по различным сферам деятельности в одном месте. На сегодняшний день проведено 6 подобных акций.

Кроме того, совсем недавно начали практиковать личные приемы граждан руководством области на базе проектного офиса «Ақтөбе – адалдықалаңы».

В целях повышения доверия бизнеса и инвесторов к институтам государственной власти, а также защите их законных прав и интересов в рамках деятельности «Ақтөбе – адалдықалаңы» функционирует проект «ProtectingBusinessandInvestments». Достижение цели ожидается путем сопровождения всех процессов, с которыми сталкивается предприниматель не только в рамках предпринимательской деятельности, но и в повседневной жизни.

Так, в течение года 28 инвесторов, дав согласие на добропорядочное ведение бизнеса и «нулевую терпимость» к любым проявлениям коррупции подписали Соглашения об антикоррупционном сопровождении их проектов.

В свою очередь, Департаментом гарантирована действенная защита бизнеса и инвесторов от неправомерных действий государственных органов.

На сегодняшний день общая сумма инвестиций, находящихся под антикоррупционной защитой составляет более 4 трлн. тенге, положительно разрешено 55 вопросов.

Ярким примером является обращение Голландского инвестора ТОО «Green-CapitalKazakhstan» 20 сентября текущего года. Он был освобожден от таможенных пошлин в сумме 353 млн. тенге в связи с некорректным их начислением органами государственных доходов за ввоз оборудования для тепличного комплекса.

Стоит отметить, что начисленные пошлины могли обанкротить компанию, лишить Актюбинскую область 240 рабочих мест и сократить поступления в госбюджет на 480 млн. тенге ежегодно.

Отмечу, что ограничение любого бизнеса от незаконных посягательств, создание условий и устранение барьеров является приоритетной функцией Агентства, в этой связи бизнес может рассчитывать на поддержку вне зависимости от наличия или отсутствия соглашения о его защите.

Уделяется большое внимание нашей молодежи. Сегодняшний студент – завтрашний специалист. Не важно, по какой профессии, принцип «добропорядочности» един для всех.

Проектный офис «Ақтөбе – адалдықалаңы» имеет направление «Саналыұрпақ», по формированию всеобщего неприятия коррупции в студенческой среде.

На сегодняшний день в учреждениях образования созданы 41 клубов «Саналыұрпақ», куда входят более 2 тысячи студентов. Проведено 327 мероприятий различного характера.

Искоренение коррупции возможно только при наличии зрелой общественной культуры добропорядочности, что требует масштабного просвещения, создания атмосферы доверия в обществе, утверждения уважения к духу и букве закона.

В этой связи, в рамках проектного офиса в области функционируют 30 «Школ добропорядочности». Специально отобран пул лекторов для проведения разъяснительных мероприятий из числа общественников, государственных служащих, профессорско-преподавательского состава высших учебных заведений.

В торжественном открытии одной из первых школ добропорядочности на базе Западно-Казахстанского Медицинского университета личное участие принял глава региона. Проведен яркий, открытый диалог между акимом области Ондасыном Уразалиным и будущими специалистами сферы медицины.

Проводится работа по повышению правовой грамотности населения, начиная с областного центра вплоть до отдаленных сельских округов.

Для обеспечения объективности процесса и прозрачности, в качестве наблюдателей на тестирования при поступлении в магистратуру, докторантуру вузов и на экзаменах по поступлению в учреждения технического и профессионального образования на постоянной основе привлекаются общественники, из числа представителей проектного офиса «Ақтөбе – адалдықалаңы», региональной специальной мониторинговой группы и неравнодушных граждан.

Стоит отметить, что в рамках деятельности проектного офиса «Ақтөбе – адалдық алаңы» также функционирует проект «Сапалы жол», главной целью которого является мониторинг качества строительства дорог. Ведь дороги – это артерии экономики.

На сегодняшний день представители проектного офиса совместно с членами Специальной мониторинговой группы и работниками Национального центра качества дорожных активов проведены выездные мониторинги качества и состояний трасс Алга-Қарабулак, Актобе-Хромтау и внутри поселковых дорог с.Уил. В рамках данного направления мы призываем наших граждан оказывать содействие в оценке качества дорог Актюбинской области посредством специального мобильного приложения.

20 мая текущего года под председательством Главы государства состоялось совещание по вопросам противодействия коррупции. Президент назвал усиление роли регионов в антикоррупционной политике как одним из основных направлений на сегодняшний день. В данном контексте, он отметил важное значение эффективной реализации инициированного Елбасы проекта «Регионы, свободные от коррупции».

В этой связи «Ақтөбе – адалдық алаңы» позиционирует себя как уникальный проект объединяющие усилия государственных органов и общества против коррупции.

Всем нам известно, что коррупция – в значительном уровне снижает конкурентоспособность государства на международной арене, сдерживает реализацию демократических преобразований в обществе, наносит ущерб экономическим интересам и национальной безопасности страны. И самое главное - это отрицательно влияет на доверие людей к правовым основам общества, веру в закон, справедливость, свободу и доверие к власти.

Призываем наших граждан активно участвовать в противодействии коррупции и общественном контроле, не брать и не давать «взяток», воспитывать молодежь принципами добропорядочности, честности и неподкупного труда.

Также просим граждан по фактам коррупции обращаться в кол-центр 1424 Антикоррупционной службы. Мы уверены, что обеспечение принципа «нулевой терпимости» к проявлениям коррупции позволит сформировать новое поколение граждан современного государства.

Активное противодействие коррупции сегодня – залог благополучия будущего поколения.

## 2020 ЖЫЛДАН БАСТАП ПАТЕНТ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 1 қантар 2020 жылдан бастап патент негізіндегі арнайы салық режимін келесі іс-әрекет түрлерін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер қолдануға құқылы екенін хабарлайды:

1. сылақ жұмыстарын;
2. ағаш ұсталығы мен ағаш шеберлігі жұмыстарын;
3. еден жабу және қабырға қаптау жөніндегі жұмыстарды;
4. бояу және шынылау жұмыстарын;
5. такси қызметін;
6. автомобиль көлігімен жүк тасымалдауды;
7. сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқаруды;
8. фотография саласындағы қызметті;
9. аударма (ауызша және жазбаша) ісін;
10. мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
11. көлік құралдарын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
12. ойын-сауық және спорттық керек-жарақтарды прокатқа және мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
13. бейнежазбалар мен дискілерді прокатқа беруді;
14. басқа да жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды прокатқа беруді және мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
15. ауылшаруашылығытехникасы мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
16. есептеуіш техниканы қоса алғанда, кеңсе машиналары мен жабдығын мүліктік жалдауға (жалға) беруді;
17. спорттық білім және бос уақытты ұйымдастыру мамандарына білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;
18. мәдениет саласындағы білім берудің көрсетілетін қызметтерін;
19. басқа да білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді;
20. қосалқы білім беру қызметтерін;
21. өнер саласындағы қызметті;
22. компьютерлерді және перифериялық жабдықты жөндеуді;
23. коммуникациялық жабдықты жөндеуді;
24. жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеуді;
25. шаштараз қызметтерін;
26. маникюрді және педикюрді;
27. ветеринариялық көрсетілетін қызметтерді;
28. жер учаскелерін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді;
29. тұрғын үй-жайларды жинау және үй шаруашылығын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтерді;
30. базарларда, вокзалдарда жүк тасушылар көрсететін қызметтерді;
31. музыкалық аспаптарды жасауды және жөндеуді;
32. үй жануарларын бағуды

Бұл дегеніміз, жоғарыда көрсетілген Тізімде жоқ іс-әрекетпен айналысатын жеке кәсіпкерлер келесі салық салу режимдерінің бірін таңдауы қажет:

- оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимі;
- тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимі;
- жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті.

Тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық режимін немесе оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдану үшін 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданатын салық салу режимі туралы хабарламаны тапсыру қажет.

Егер 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданатын салық салу режимі туралы хабарламаны тапсырмаған жағдайда, жеке кәсіпкер жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салу тәртібіне ауысуға жатады.

Сонымен бірге, патент негізіндегі арнайы салық режимін қолданатын барлық кәсіпкерлер 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бақылау касса машиналарын қолдануға міндетті.

## ШАРУАЛАРҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН ҚОСАЛҚЫ ЖАЛДАУҒА БЕРУГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен 49 жылға дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы берілген жер учаскелеріңізге байланысты төмендегідей хабарлайды.

***ҚР Жер Кодексінің 38-бап: Кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) құқығы.***

5 тармағы: Жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалану құқығымен тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін кейінгі жер пайдалануға беруге жол берілмейді.

Егер де заң бұзушылыққа жол берілген жағдайда ҚР Жер Кодексінің 38-бап 5-тармағына сүйене отырып шаралар қолдануға мәжбүр болатынын хабарлайды.

**«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-сі**

## БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМА
## ҚОҒАМДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖҰМЫЛДЫРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША

Құқықтық тәртіптің алдын-алу тек қана жергілікті атқару және құқық қорғау органдарының емес, сонымен қатар жалпы қоғамның негізгі міндетінің бірі болып табылады. Азаматтардың қатысуынсыз құқық қорғау органдарының қылмыспен қарсы күресуінде оңды нәтижеге жету мүмкін емес.

Қоғамдық көмекшілердің көмегі полициямен бұрын да қолданылған, бірақ ойдағыдай тиімді болған жоқ.

2018 жылы біздің облыста қоғамдық көмекшілердің қатысуымен барлығы 0,2% қылмыстық іс ашылған және әкімшілік құқық бұзушылықтардың жалпы санының 0,4% анықталды.

Әрине бұл өте аз! Дегенмен мүмкіндік бұл жерде көп.

Күн сайын орта есеппен қоғамдық орындарда және көшеде 15 (жартыжылдықта 2792) қылмыс жасалады, оның ішінде күндізгі уақытта 8 (1522), кешке 18.00-ден 22.00-ге дейін 3 (618) қылмыс.

Қоғамдық құрылымдар күштерін көшелер мен қоғамдық орындарда патрульдеуін қамтамасыз ете отырып, осындай қылмыстардың 30%-ға азаюын болжамдаймыз.

Бизнес-құрылымдарды осы жұмыстарға қатыстыру оңды нәтиже бере бастады, ломбардтармен меморандумға отыру ұрланған заттарды ломбардтарға тапсыру кезінде бірқатар ұрлықтың ашылуына мүмкіндік берді.

Осы жұмыстардың маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты аталған сұрақтар облыс әкімінің төрағалығымен ғалымдарды қатыстыра отырып өткізілген конференцияда талқыланды, құқық бұзушылықтың алдын алуға қоғамды жұмылдыру туралы іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспарда мемлекеттік органдардың қоғаммен өзара әрекет ету нысандары, халық жасақтарын, волонтерлік қозғалыстың жастар желісін дамыту, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің біріккен жұмысына қоғамдық бірлестіктерді, үкіметтік емес ұйымдарды, ЖОО-ын, еңбек ұжымдарын қатыстыру көрсетілген.

Егер мұндай жұмыс бұрын тек қана құқық қорғау органдарымен жүргізілсе, қазір тиімділікті арттыру үшін қоғамды қатыстыратын боламыз.

Белсенді қатысушыларға әртүрлі марапаттау түрлері көрсетілген.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде жүргізіліп жатырған іс-шаралар туралы халықты хабарлай отырып, барлық азаматтарды, үкіметтік емес ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, кәсіпкерлерді белсенді қатысуға шақырамыз.

Одан әрі танымал ету мақсатында іс-шаралардың орындалу барысы мен олардың нәтижелері туралы тұрақты түрде қоғамды хабардар ететін боламыз.

## ЖАҢЫЛҒАНДАРДЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖЕТЕЛЕУ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Ойыл аудандық орталықтырылған кітапханасында Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Аманғосов, Ойыл мешітінің бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы және ауыл ақсақалдарының қатысуымен Пробациялық есепте тұрған азаматтармен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында Ойыл ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың отбасы, тұрмыс жағдайы және қоғамдағы ролі туралы әңгіме өрбіді. Алдымен бас имам пробация есебінде тұрған тұлғалардың дәстүрлі емес діни ағымның арбауына түспеуі үшін үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, жеке сұрақтары болса мешіт үйінде қабылдайтынын айтса, ақсақалдар өмір тәжірибелерімен бөлісіп, жанылысқан сәттерін енді қайталамауға шақырып, ақыл кеңестерін «Тәртіпке бағынған құл болмайды» - деген қағидамен түйіндеді.

**А.САЛИК,**
**Ойыл аудандық пробация қызметінің инспекторы, әділет лейтенанты.**

## ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

2018 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заңы қабылданды. Аталған Заң қылмыстық құқықбұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша жәбірленушілерге өтемақы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерді айқындайды, сонымен қатар жәбірленушілерге өтемақыны төлеу заңдылық, адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау, қолжетімділік қағидаттарына негізделеді.

Өтемақы сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер болып табылатын кәмелетке толмағандарға, адам саудасымен және азаптаулармен байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілер деп танылған; денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммунтапшылығы вирусын жұқтырған; жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленуші құқықтары берілген адамдарға тағайындалады.

Мәжбүрлі төлемді сот:

1) қылмыстық теріс қылықтар үшін – бес айлық есептік көрсеткіш;

2) онша ауыр емес қылмыстар үшін – он айлық есептік көрсеткіш;

3) ауырлығы орташа қылмыстар үшін – он бес айлық есептік көрсеткіш;

4) ауыр қылмыстар үшін – жиырма айлық есептік көрсеткіш;

5) аса ауыр қылмыстар үшін – отызайлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алады.

Адам жәбірленуші деп танылғаннан кейін ол қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзіне өтемақы тағайындау туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) жасауға құқылы және оны қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күнде қарайды.

Өтініш берудің ескеру мерзімі адам жәбірленуші деп танылған күннен бастап үш жылды құрайды. Бұл мерзімді өткізіп алған жағдайда, жәбірленуші не жәбірленушінің құқықтары берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Өтемақыны тағайындау төмендегі көрсетілген құжаттар негізінде жүргізіледі:

1) жәбірленушінің не жәбірленуші құқықтары берілген адамның өтініші;

2) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттың не өтемақы алуға жәбірленуші құқықтары берілген адамның жеке басын және құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) жәбірленушінің не жәбірленуші құқықтары берілген адамның банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер;

4) қылмыстық процесті жүргізетін органның адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулысының көшірмесі;

5) жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның қайтыс болуы туралы куәліктің немесе жәбірленушінің қайтыс болғанын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі.

Қайтыс болған адамның барлық отбасы мүшелеріне бір өтемақы төлемі тағайындалады. Бір отбасының мүшесі болып табылатын қайтыс болған әрбір адамға жеке өтемақы төлемі тағайындалады.

Ал осы Заңда көзделген негіздердің болмауы, өтініш беру мерзімін өткізіп алу, анық емес құжаттарды ұсыну, кінәлі адамның жәбірленушіге келтірілген зиянды толық көлемде өтеуі, қылмыстық процесті жүргізетін органның жәбірленуші ретінде адамның қатысуын тоқтату туралы қаулысыөтемақыны тағайындаудан бас тарту үшін негіздер болып табылады.

Өтемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешімге жәбірленуші не жәбірленушінің құқықтары берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өтемақы төлеуді қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган өтемақы алушылардың орталықтандырылған тізілімін ұсынған күннен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей өтемақы алушылардың банктік шотына жүзеге асырады.

Жәбірленушілерге өтемақы ретінде төленген ақшаны кінәлі адамдардан өтетіп алу жөніндегі регрестік талаптарды прокуратура органдары сотта мемлекет мүдделерін білдіре және қорғау шеңберінде қоя алады.

Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

**Сауле ТАНИМОВА,**
**Ойыл аудандық сотының төрағасы.**

*жоба*

## ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

**Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Ойыл ауданы бойынша жайылы айналымдарының схемасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1- тармағының 10) тармақшасына, 37- бабының 1,2 – тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңының 9 бабының 1- тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Ойыл ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Ойыл аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ойыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Кенжебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі А. Қазыбаев**

*Ойыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы « » № қаулысына 3-қосымша*

**ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕП- ҚАРАУ НЕГІЗІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖАЙЫЛЫМ АЙНАЛЫМДАРЫНЫҢ СХЕМАСЫ**




Жайылымдар

Елді мекен жерлері

Суаттар

*проект*

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

**Об утверждении схемы пастбищеоборотов на основании геоботанического обследования пастбищ по Уилскому району**

В соответствии с подпунктом 10) пункта 1 статьи 31, пунктами 1, 2 статьи 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 3) пункта 1 статьи 9 Закона Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах», акиматУилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Утвердить схему пастбищеоборотовУилского района на основании геоботанического обследования пастбищ согласно приложению.

2. Государственному учреждению «Аппарат акима Уилского района» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего постановления в Управлении юстиции Уилского района Актюбинской области;

2) направление настоящего постановления на официальное опубликование в периодических печатных изданиях и Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан;

3) размещение настоящего постановления на интернет-ресурсе акимата Уилского района.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района А. Кенжебаева

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

**Аким района А. Казбаев**

*Приложение 3 к постановлению акимата Уилского района от « » 2019 года №*

**СХЕМЫ ПАСТБИЩЕ ОБОРОТОВ НА ОСНОВАНИИ ГЕОБОТАНИЧЕСКОГО ОБСЛЕДОВАНИЯ ПАСТБИЩ ПО УИЛСКОМУ РАЙОНУ**




Пастбищы

Земли населенных пунктов

Водопойы

---

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Бисенғалиева Шолпанның аяулы анасы

**Тойғанның**

қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

---

Ата-ана үшін туған баласына топырақ салудан асқан қиындық жоқ. Осындай жағдайға жастығымызды бірге өткізген досымыз, Амантайдың жұбайы Аманжол да душар болды. Қапияда баласы **Асаннан** «айырылып» қалды. Әрине, бауыр еті баланды өз қолыңмен қара жердің қойнына беру оңай емес. Қабырғаң қайысса да, Алланың әміріне мойынұсынбасқа тағы болмайды. Болған іске болаттай бол!

*Қайғыңа ортақ құрдастарың Тыныштыбай Шалабаевтың отбасы.*

---

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Жолдыбаева Динаға қайын інісі

**Асанның**

қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

---

Ш.Берсиев атындағы орта мектеп ұжымы және кәсіподақ ұйымы Жолдыбаева Аруға інісі

**Асанның**

қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

---

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Наурызова Ақмаралға сіңлісі

**Динараның**

қазасына байланысты қайғырып көңіл айтады.

---

Ойыл аудандық білім бөлімі және аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыру және кадрлармен жұмыс жөніндегі бас маман Наурызова Алтынай Асылбекқызына сіңлісі

**Динараның**

қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1452
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН КЕШ

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙТІНІ КЕЗЕҢ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ОСЫҒАН ОРАЙ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН АТА-АНАЛАР КЛУБЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ.**



Мәдениет үйінде өткен шараны ата-аналар комитетінің төрағасы Гүлайым Қаплиева мен клуб жетекшісі Айсұлу Мәмбетова жүргізіп, жас мамандарды сырлы сұқбатқа шақыра білді. Жасөспірімдерге кәсіби бағдар беруді мақсат еткен шараға ауданымыздағы әр кәсіптің тізгінін ұстаған жас мамандар қатысты. Кеш қонақтары өрімдей жастар болғанмен, аз ғана уақыт ішінде мемлекеттік қызметтің қыр-сырына қанық болған Медет Құлмұханов, адам жанының арашасы болуды бала жасынан мақсат еткен хирург – дәрігер Дәулет Салин, сұлулық құпияларын меңгерген, болашақта осы кәсіпті үйренгісі келетіндерге курс ашқысы келетін Жанна Нұрқасова, өз сөзімен айтқанда «өлмейтін» мамандық мұғалімдік жолды таңдаған Дәулет Дулатұлы, «Жас кәсіпкер» жобасының 500 мың теңге грантын иеленген Күншашқан Жауынбаевтар ойларын ашық айтып, мамандық таңдауда асықпау, адаспау керектігін, қалайда «жүрек» атты әміршінің қалауына бағыну керектігін емеуірінмен жеткізді. Сонымен қатар білімділерге даңғыл жол ашқан дәуірде ізденімпаздық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерді санаға сіңіре отырып, білімге бет бұрып, биік тұғырды бағындыруға кеңес берді. «Еңбектің наны тәтті», - демекші, енжарлық пен еріншектікті ұмытып, елге адал қызмет ету арқылы жетістікке жетуге болатындығы да айтылды. Демек, «еңбек пен білім егіз» ұғым екені даусыз. Сондықтан да кеш соңында мектеп директоры Шынар Бисенова мен аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің маманы Сағида Досымбаева өзекті тақырыпты көтерген, яғни жоғары сынып оқушыларына бос уақытты текке өткізбеулері үшін салмақты ой салып, тәртіпсіздікті болдырмау керектігін кеңінен түсіндірген ата-



аналар клубына ризашылықтарын білдірді.

**Гаухар Ғаббасова,**
**11 класс ата-аналар комитетінің мүшесі.**

## ТАУАРЛАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Салық салу мақсаттары үшін Салық кодексінде тауарлардағы электрондық сауда тұжырымдамасын айқындаған.

Тауарлармен электрондық сауда – бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде:

тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;

тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес төлеммен жүргізілсе;

тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса, интернет-дүкен және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет.

Сонымен бірге тауарлармен электрондық сауданы жүзеге асыратын салық төлеушілер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюға жатады.

Хабарламаны бекіту және оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркегеннен кейін тұрғылықты жері бойынша (ЖТ) немесе тіркеу орны бойынша (ЗТ) хабарландыруды мемлекеттік кірістер басқармасында қағаз жүзінде алуға болады.

**Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы**

# МЕРЕЙІМДІ ӨСІРГЕН «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІ!

Газет дегенде көз алдыма атаәжемнің, әке-шешемнің жұп-жұқа қағаз беттеріне үңіліп, бір терең тұңғиыққа батып кеткендей болатын күйлері елестейді. Бұлай деген себебім, қазіргі техника мен электроника заманында ғаламтор атты бар әлемді жаулаған дүние жарыққа шығып, бұрынғыдай газет-журнал беттерін шолып, жаңалық оқып отыратын адамдар саны жылданжылға кеміп келе жатыр. Ал, бұрынғы менің сағым сәттерімде қалған естеліктерде – өзім оқымасам да пошташының келетін уақытын күтіп, ол келіп арнайы жәшікке газет салғаннан кейін, жүгіріп барып газет алып, атама әкеліп бергенді өзімше ұнататын едім. Ал қазір газет алмайтын, тіпті, оқымайтын адамдарды көргенде қатты қынжыламын. «Газет – бұл халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп, кешегі Алаш қайраткерлері бірі Ахмет атамыз айтып кеткендей, газет – қатынас, әрі байланыс құралы.

Жуырда Ойыл ауданында «Ақтөбе» газетінің 95 жылдығы аталып өтілді. Соған орай өз жеріміздің, яғни киелі мекен Ойылымыздың небір журналистерін, үздік газет оқырмандарын жинап, өз алғыс хаттарын табыстап, керемет есте мәңгі қаларлықтай іс-шара өткізді. Соның куәгерінің бірі – мен едім. Журналистика саласының баспалдағын енді аттайын деп жатқанда, осыған дейінгі мақала-эсселерімді бағалап, «Жас тілші» грамотасымен мадақтағанда, төбем көкке жеткендей қуандым. Себебі, бұл жас тілші үшін – үлкен мәртебе, үлкен жетістік. Одан әрі, менің сол сәттегі қуанышымды үстемелеген – «Ақтөбе» телеарнасына алғаш рет сұхбат бергенім еді. Әрине, ең алғаш рет болған соң, өз сезімді дәл ойымдағыдай жеткізе алмадым. Бірақ, бұл әрине, бастама, баспалдақ тәрізді еді. Менің «Ақтөбе», «Ойыл» газеттерінің ұжымына,



«Ақтөбе» телеарнасына өз алғысымды осы мақалам арқылы білдіргім келеді. Мені – әлі оқушы, жас демей елеп-ескеріп, үлкен тәжірибесі бар жандармен бірге марапаттап, өз алғыстарын білдіргені үшін, журналистика саласына алғашқы есікті ашқаны үшін мың да бір алғысым шексіз!

«Ақтөбе» газетінің түп-тамыры тереңде жатыр. Міне, бір ғасырға жуық ақтөбеліктермен жаңалықтарын бөлісіп келеді. Бұл – рухани құндылық, тарихи байлық. Кейін де, жергілікті газетіміз одан әрі де өсіпөркендеп, дамып, оқырмандары көбейе түсіп, өз күшін жоймасын, деген тілектемін.

Аллаға шүкір, кешегі тәуелсіздік таңын аңсаған «Кедей» газетінен бастау алған «Ақтөбе» газеті – қазіргі таңда өз мақсатына жетіп, тәуелсіздігі тұғырлы елде емін-еркін таралып жатыр. Бұның өзі, біз үшін, біздің ел үшін – үлкен жеңіс, үлкен мәртебе!

**Адина ТИМУРОВА,**
**Сағa мектеп-балабақшасының 11 сынып оқушысы.**

# РЕСЕЙДІҢ ТҮМЕН ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Ресейдің Түмен облысында 28 қазан қазақ сыныбы ашылып, қазір 25 бала өз ана тілінде білім алып жатыр. Алайда мұнда ұстаздар мен оқушыларға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар тапшы. Түмендегі қазақ балаларына қолдау көрсету мақсатында іргелес жатқан Солтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясында «Баға жетпес сый» атты акция өтті.

СҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының мәліметінше, солтүстікқазақстандықтар жақында ашылған қазақ сыныбына көмек ретінде және онда білім алып жатқан қазақ балаларына қолдау көрсету мақсатында ресейлік әріптестеріне 200 кітапты сыйға берді. Қазақ тілін терең меңгеруге мүмкіндік беретін ғылымиәдістемелік құралдар, қазақ тіліндегі оқулықтар және қазақтың ақиық ақыны Мағжанның жыр жинақтары, Абайдың қара сөздері, «Даңқты адамдар» сериясымен шыққан әдебиет, тағы басқа көптеген құнды шығармалар балалардың ғана емес, түрлі жастағы тіл үйренушілердің керегіне жарайды. «Болашақта мұндай жұмыс жалғасын табады. Тілдерді дамыту басқармасы тара-пынан осы сияқты жұмыстар 2015 жылдан іске асырылып келеді. Бұл - «Тілдерді дамыту мен қолдау» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Бұл жобаның шетелде тұрып жатқан этникалық қазақтарды оқу-әдістемелік құралдармен қамтуға көмек көрсету деген арнайы тармағы бар», - дейді СҚО Тілдерді дамыту жөніндегі басқар-маның бөлім жетекшісі Әсем Сүлейменова.

## 2019 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| «Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Займолдин Сакен Газизулы Округ әкімі | 3.10,17,24 ,31қазан<br>7,14,21,28 қараша<br>5,12,19,26 желтоқсан<br>Уақыты: сағ.-10:00 ден – 12:30 ға дейін | Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі №12 | 73-6-01 akimat-karaoi @mail.ru |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда **73-6-01** сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

# ТЕҢГЕНІҢ ТАРИХЫ

Ең алғашқы ұлттық валютамыз - қазақ теңгесі 1993 жылы шығарылды. Банкноталар Англияның «De La Rue» фабрикасында басылған болатын. Қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлеловтер Англияда жүріп, банкноталарды жасауға біршама тер төкті. 1993 жылғы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы - теңге айналысқа енгізілді. Теңге еліміздегі алғашқы ақша емес. Ежелгі Қазақстан аумағында ақша бұдан көптеген ғасырлар бұрын пайдаланылған. Сырдарияда, Отырар алқабында түркі билеушілері, ал Жетісуда түргештер 7-8 ғасырларда өз ақшаларын шығарған. Отырар мен Исфиджабта монет сарайлары жұмыс істеген. Оныншы ғасырлардың ортасы мен сегізінші ғасырларда қалалар тез өсіп, тауар өндірісі мен сауда көлемі ұлғая түсті. Ұсақ бөлшек саудада көбіне мыс фельстер қолданылды. Алтын монеталар да айналымға түсті, бірақ ол саудада дара түрінде ғана емес, салмағына қарай пайдаланылды: монетаны қажетіне қарай кесектеп сындыратын болған. Қазақстан ақшасының бұрынғы тарихы міне, осындай. Күрделі жиырмасыншы ғасырда Қазақстан біртұтас рубль аймағына кірді. Бұл 1993 жылдың қараша айына дейін, Қазақстан тәуелсіз ел атанғанға дейін жалғасты. 1992 жылы 26 шілде күні Ресей өзінің төл валютасын енгізгеннен бастап, өзге елдердің, соның ішінде «рубль аймағындағы» Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің қаржылық жүйелерін бөліп жібергендігін хабарлады. Сондай-ақ, Ресей Орталық банкі Қазақстанға қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынған. Соған қоса, олардың мынадай талаптары болды: біріншіден, рубльді пайдалану үшін Қазақстан Ресейдің құрамына, Ресей Федерациясының субъектісі ретінде енуі керек; екіншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небәрі 700 млн-нан астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық банкіне тапсыруы керек. Қорыта айтқанда, олар өз рублін Қазақстан тәуелсіздігімен алмастыруды ұсынды. Сол уақыттан бастап, Қазақстанда КСРО-ның рубльдері ғана айналыста қалды және өзге рубльден бөлінген аймақтардан олардың келуіне шек қойылмады. Ақыры, оған дейін құнсызданған рубль әрі қарай құнсызданып, инфляция қарқыны 2900 пайыздан асты. Міне осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстанның, төл валютасын шығаруға еріксіз жол сілтеді. Сөйтіп, 1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданып, 15-18 қарашада КСРО-ның 1961 - 1991 жылдарда шығарылған рубльдерін ұлттық валютамыз теңгеге айырбастау шаралары жүзеге асты. Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі эмиссиялық банк болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің эмиссиялық қызметі оның құрылымдық бөлімшелері: Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Банкнот фабрикасының банкноттары мен Өскемен қаласында Монета сарайында дайындалған монеталар көмегімен іске асады. Төл теңгеміздің ең алғашқы банкноталары еліміздің тарихын мейлінше терең таныта білген банкноталар болды десек қателеспейміз. Теңгенің қасбеттеріне еліміздің мәдени, саяси өмірінде өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың бейнесі басылса, сырт тұсына кең байтақ жеріміздің сұлу табиғаты мен тарихи сәулет нысандары енді. Банкноталардың дизайнын жасау барысында тарихи тұлғалар таңдалып болғаннан соң, суретшілер екінші проблемаға тап болды. Енді ол тұлғалардың шынайы түр-бейнесін табу керек. Қиындығы сол, тарихи тұлғалардың басым бөлігінің суреттері болмады. Мысалы, Әл-Фарабидің бейнесі қандай болғанын ешкім білмейді. Өз уақытында бұл сурет КСРО Ғылым академиясының стандарты болып бекітілген. Алайда оның өзін ғалымдардың шығармаларынан, мұрағаттан іздеп табу қиынға соқты. Әбілхайыр ханның суреті ағылшын саяхатшысы Аткинсонның жұмыстарынан табылды. Ал Абылайханның бейнесі орыс көздерінен алынды. Сүйінбай тұлғасы қазақ сурет өнерінің негізін қалаушы Әбілхан Қастеевтен келді.

*Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қарашада № 6446 болып тіркелді*

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

31 қазан 2019 жыл № 339 Ойыл селосы

**Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-155 тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:
1) тармақшасында:
кірістер
«4 748 397» сандары «4 896 842» сандарымен ауыстырылсын;
трансферттер түсімі
«4 427 293» сандары «4 575 738» сандарымен ауыстырылсын;
2) тармақшасында:
шығындар
«4 759 428» сандары «4 907873» сандарымен ауыстырылсын;
3) тармақшасында:
таза бюджеттік кредиттеу
«51 487» сандары «59 062» сандарымен ауыстырылсын;
оның ішінде:
бюджеттік кредиттер
«65 718» сандары «73 293» сандарымен ауыстырылсын;
5) тармақшасында:
бюджет тапшылығы (профициті)
«-62518» сандары «-70 093» сандарымен ауыстырылсын;
6) тармақшасында:
бюджет тапшылығын қаржылан-дыру(профицитін пайдалану)
«62518» сандары «70 093» сандарымен ауыстырылсын;
8 тармақта:
екінші абзацта:
«65 718» сандары «73 293» сандарымен ауыстырылсын;
10 тармақта:
он тоғызыншы абзацта:
«7 000» сандары «25 395» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 және 5 қосымшалары осы шешімнің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы: А.К.Мамбетова**

**Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы: Е.Ж.Жиеналин**

*Зарегистрирован в Актюбинского областного Департамента юстиции 6ноября 2019 года за № 6446*

## РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

31октября 2019 года № 339 с.Уил

**О внесении изменений в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении бюджета Уилского района на 2019-2021 годы»**

В соответствиисо статьями 106,109 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, статьей 6 ЗаконаРеспублики Казахстан от23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении Уилского районного бюджета на 2019-2021 годы»(зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-155, опубликованное4 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде») следующие изменения:

в пункте 1:
в подпункте 1):
доходы
цифры «4 748 397» заменить цифрами «4 896 842»;
поступления трансфертов
цифры «4 427 293» заменить цифрами «4 575 738»;
в подпункте 2):
затраты
цифры «4 759 428» заменить цифрами «4 907 873»;
в подпункте 3):
чистое бюджетное кредитование
цифры «51 487» заменить цифрами «59 062»;
в том числе:
бюджетные кредиты
цифры «65 718» заменить цифрами «73 293»;
в подпункте 5):
дефицит бюджета(профицит)
цифры «-62 518» заменить цифрами «-70 093»;
в подпункте 6):
финансирование дефицита бюджета(использование профицита)
цифры «62 518» заменить цифрами «70 093»;
в пункте 8:
в абзаце втором:
цифры «65 718» заменить цифрами «73 293».
в пункте 10:
в абзаце девятнадцатом:
цифры «7 000» заменить цифрами «25 395».

2. Приложения 1 и 5 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1 и 2 к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилскогорайонногомаслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;

2) размещение настоящего решения на интернет-ресурсе Уилского районного маслихата после его официального опубликования.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

**Председатель сессии Уилского районного маслихата: А.К.Мамбетова**

**Секретарь Уилского районного маслихата: Е.Ж.Жиеналин**